



## Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 627 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 6077 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 248 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 248 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Исабаев*

Әкімдіктің  
2015 жылғы 13 қарашадағы  
№ 627 қаулысымен бекітілген

## Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі экономика және қаржы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және

зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Калинина көшесі, 55 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: экономика, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару және өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында басшылықты жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) экономика, бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару және өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқару және бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару саласындағы қатынастарды реттейтін актілерді әзірлейді;

2) ауданның бюджеттік комиссияның қызметін ұйымдастырады;

3) жергілікті бюджетті орындау жөнінде бюджеттік есепті және бюджеттік есептілікті жүргізеді;

4) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжам жасайды;

5) жыл сайын жергілікті бюджеттің жобасын әзірлейді;

6) өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқарады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

## **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

лауазымдық міндеттерін бөледі және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК